"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН000440001616

«GrandStroy 2018» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Шардара ауданы әкімдігінің "Шардара аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №5781401-2 «Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар» ашық конкурсы бойынша 24.08.2021 жылғы №119050 хатыңызға, төмендегіні хабарлайды.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабының 1-тармағы 4)-тармақшасының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге келесі біліктілік талаптары қойылады:

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*бұдан әрі - қағида*) 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші, егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп таныла алмайды) :

- конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

Конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасында *(құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары)* әлеуетті өнім берушілерге материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде бірқатар біліктілік талаптары белгіленгені анықталды, атап айтқанда «*Рабочие дорожники 15; «Автопогрузчик, 5 т», «Автогудранаторы, 3500 л», «Гудранаторы ручные»*.

Мемлекеттік сатып алу веб - порталын талдау барысында, әлеуетті өнім беруші «GrandStroy 2018» ЖШС-нің біліктілігі туралы мәліметтерде растаушы

құжаттардың электрондық көшірмелері қоса берілмей, жоғарыда көрсетілген материалдық және еңбек ресурстарының жоқтығы анықталды.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттамаға 5-1-қосымшаның ескертуінің 1-тармағына сәйкес, құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Алайда, «GrandStroy 2018» ЖШС-і жобалық ұйымы болып табылатын бекітілген сметалық құжаттамаға сәйкес сатып алу мәні «Әйтеке би көшесінің асфальтбетон жабындарын орнату» болып табылады, яғни бұл жұмыстар қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу болып табылмайды.

Осылайша, Қағидалардың 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің «GrandStroy 2018» ЖШС-ің өтінімі конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіні ретінде конкурсқа қатысуға негізді түрде жіберілмеді.

Сондай-ақ, Кодекстің 91–бабының 3 тармағына сәйкес, шағымды әкімшілік тәртіппен (сотқа дейінгі) қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам (*бұдан әрі – шағымды қарайтын орган*) жүргізеді.

Камералдық бақылау – ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 5-тармағына сәйкес *(әрі қарай - Заң)* мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

Исп: ✍: А.Адилханов
☎: 8-7252-35-00-35